

2011 жылы азаматтардың жекеленген санаттарына қалалық қоғамдық көліктерде (таксиден басқа) жол жүру үшін әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2011 жылғы 11 наурыздағы N 170/2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 16 наурызда N 12-3-293 тіркелді. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің аппарат басшысы 2013 жылғы 29 қаңтардағы N 24/1-23/88 хаты)

Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің аппарат басшысы 29.01.2013 N 24/1-23/88 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 11-бабына сәйкес, Екібастұз қалалық мәслихатының (IV шақырылған кезекті XXVII сессия) 2010 жылғы 23 желтоқсандағы "2011 - 2013 жылдарға арналған Екібастұз қаласының бюджеті туралы" N 309/27 шешімі негізінде және қала азаматтарының жекеленген санаттарына қоғамдық жолаушылар көлігінде жол жүру шығындарын өтеу мақсатында, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қалаішілік жолаушылар бағытындағы қоғамдық жолаушылар көлігінде толық жол билеті құнының 50% көлемінде жеңілдікпен жол жүру құқығы келесі санаттағы азаматтарға белгіленсін:

- 1) жасына байланысты зейнеткерлер;
- 2) 3-топтағы мүгедектер;
- 3) 18 жасқа дейінгі 4 және одан да көп балалы аналар.

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген азаматтар жеңілдікпен жол жүру құқын растау үшін кондукторға (бақылаушыға) міндетті түрде келесі құжаттарды ұ с ы н у ы қ а ж е т :

- 1) жасына байланысты зейнеткерлер үшін-зейнеткерлік куәлікті;
- 2) 3-топтағы мүгедектер үшін-мүгедектігі туралы куәлікті;
- 3) 18 жасқа дейінгі 4 және одан да көп балалы аналар үшін - көп балалы аналардың мемлекеттік арнайы жәрдемақы алатынын растайтын "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетақы төлеу жөніндегі

мемлекеттік орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Павлодар облыстық филиалының Екібастұз қалалық бөлімшесінен (келісім бойынша) анықтама.

3. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" (Ә.Қ. Базарбаева), "Екібастұз қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемелері (Л.П. Векшина) қоғамдық жолаушылар көлігімен жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын кәсіпорындармен (бұдан әрі - Кәсіпорындар) (келісім бойынша) бірлесіп, қалаішілік жолаушылар бағыттарындағы жекеленген санаттағы жолаушы азаматтардың ағынына айына бір рет мониторинг жүргізсін.

4. "Екібастұз қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Л.П. Векшина) "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне әр Кәсіпорынның Екібастұз қаласындағы қалаішілік жолаушылар тасымалдарының жалпы көлеміндегі қатысу үлесі туралы пайыздық қатынаста мәлімет берсін.

5. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Ә.Қ. Базарбаева):

1) азаматтардың жекеленген санаттарын қоғамдық жолаушылар көлігінде тасымалдау бойынша қызметті өтеу туралы Кәсіпорындармен келісімшарт жасасын;

2) осы қаулының 4-тармағына сәйкес әр Кәсіпорынның қатысу үлесі туралы ұсынылған мәлімет бойынша Кәсіпорындарға азаматтардың жекеленген санаттарының қоғамдық жолаушылар көлігінде жол жүру шығындарын өтеу үшін есеп айырысу жасасын;

3) осы қаулының 5-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген есеп айырысу негізінде Кәсіпорындарға шығынды өтеуді жүргізсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарда таратылады.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің орынбасарлары Ғ.А. Оспанқұловқа және Н.В. Дычкоға жүктелсін.

Екібастұз қаласының әкімі

А. Вербняк